ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 1 сәуір №2301-25-00-2/327 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы А.А.Қайырғалиеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№7 Атырау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Нурболат» Жансая Нуржанқызы Намиялы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі А.Т.Кумаргалиева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 23 желтоқсанда мемлекеттік сатып алу туралы №206 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «500 бума екі қабатты қағаз сүлгілері» тауарын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 233 000 теңге. Шарттың орындау мерзімі – шарт күшіне енген күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, 2025 жылғы 7 қаңтарға дейін.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарт бойынша міндеттеме толығымен орындалмағандығын, тауар жеткізілмегендігін, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талапты қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі қолданыста болған) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері мүлдем орындалмай, тауар жеткізілмегендігін, тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдары болғанын, өйткені аталған қағаз сүлгілері емханадағы УЗИ қызметін жүзеге асыру үшін қажетті болғанын айтып өтті.

Шарттың әрекет ету мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 109-бабына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «№7 Атырау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 08.04.2025
Заңды күшіне енген күні: 12.05.2025, судья Дәуешова О. Ш., 22.05.2025
2301-25-3-1/286

мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер дара кәсіпкер «Нурболат» Жансая Нуржанқызы Намиялыны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Нурболат» Жансая Нуржанқызы Намиялы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Нурболат» Жансая Нуржанқызы Намиялыдан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірмесі дұрыс

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама

Сот шешімі 2025 жылдың «12» мамырында заңды күшіне енді

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 08.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.05.2025, судья Даурешова О. Ш., 22.05.2025

2301-25-3-1/286